

Қырғыз Республикасының Ыстықкөл көлінде орналасқан санаторийлік-курорттық объектілерге Қазақстан Республикасының меншік құқығы мәселелерін реттеу жөніндегі жұмыс тобын құру туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2003 жылғы 5 тамыздағы N 165-ө өкімі

Қазақстан Республикасы мен Қырғыз Республикасы арасындағы 2002-2005 жылдарға арналған экономикалық ынтымақтастық бағдарламасына Іс-шаралар жоспарының 3.11.-тармағына сәйкес Қырғыз Республикасының Ыстықкөл көлінде орналасқан санаторийлік-курорттық объектілерге Қазақстан Республикасының меншік құқығы мәселелерін реттеу мақсатында:

1. Мынадай құрамда жұмыс тобы құрылсын:

- | | |
|----------------------|---------------------------------------|
| Комаров | - Қазақстан Республикасы Қаржы |
| Геннадий Григорьевич | министрлігінің Мемлекеттік мүлік |
| | және жекешелендіру комитеті |
| | төрағасының орынбасары, жетекші |
| Әлбергенев | - Қазақстан Республикасының Сыртқы |
| Боранбек Әлбергенұлы | істер министрлігі ТМД істері |
| | жөніндегі комитеті Орталық Азия және |
| | Закавказье бөлімінің бастығы |
| Айтқалиева | - Қазақстан Республикасы Әділет |
| Айша Мұстахимқызы | министрлігінің Халықаралық құқық |
| | басқармасы халықаралық шарттарды |
| | жасасу және күшін жою мәселелері |
| | жөніндегі бөлімінің бастығы |
| Дерновой | - Қазақстан Республикасының |
| Анатолий Григорьевич | Президенті Іс басқармасы Медициналық |
| | орталығының бастығы (келісім бойынша) |
| Жақұтова | - Қазақстан Республикасының Қаржы |
| Әлия Елшібекқызы | министрлігі Мемлекеттік мүлік және |
| | жекешелендіру комитетінің Заң |
| | басқармасы мемлекеттік заңды |
| | тұлғалардың қызметін құқықтық |
| | қамтамасыз ету және жекешелендіруден |
| | кейінгі бақылау бөлімінің бастығы |
| Қожамқұлов | - Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық |
| Төлеген Әбдісағиұлы | университетінің ректоры |

Мәшімбаев
Нұрлан Серікұлы

- Қазақстан Республикасы
Президентінің Іс басқармасы Заң
қызметі және кадр жұмысы
бөлімінің меңгерушісі (келісім

бойынша)

Никитинский
Евгений Сергеевич
төрағасының орынбасары

- Қазақстан Республикасының
Туризм және спорт жөніндегі агенттігі

Санаев
Омар Жолдыбайұлы

- "Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрлігінің
шаруашылық басқармасы" жабық
акционерлік қоғамының президенті.

2 . Ж ұ м ы с т о б ы :

осы өкімнен туындайтын қажетті шараларды қабылдасын, оның ішінде Қырғыз Республикасының тиісті мемлекеттік органдарымен және ұйымдарымен келіссөздер ж ү р г і з с і н ;

Қырғыз Республикасының Ыстықкөл көлінде орналасқан санаторийлік-курорттық объектілерге Қазақстан Республикасының меншік құқығы мәселелерін реттеу жөнінде ұсыныстар әзірлесін және Қазақстан Республикасының Үкіметіне енгізсін.

3. Қазақстан Республикасының орталық және жергілікті атқарушы органдарының, ведомстволардың басшылары жұмыс тобының мүшелеріне барлық қажетті ақпаратты беруді қамтамасыз етсін.

Премьер-Министр